

## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Әдебиеттік оқу
<b>Мұғалім</b>	Сарбалина Анаргүл Жасұланқызы
<b>Мектеп, сыйнып</b>	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Үстірт орта мектеп» КММ. 2Б-сыныбы
<b>Сабак тақырыбы</b>	Бердібек Соқпақбаев «Шынықсын денеміз» өлеңі



www.bilimland.kz


<b>Сабақтың мақсаты:</b>	Өлеңді мәнерлеп оқу, мазмұнын ашу, оқушыларды талдау, талқылау арқылы қорытынды жасауға үйрете отырып, шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік дағдыларын арттыру және оқушыларды автор туралы мәліметтер жинауға үйрету.
<b>Сілтеме:</b>	Оқулық, «Әдебиеттік оқу», 2-сынып, мазмұнды суреттер, білім беретін фильмдер, «Бердібек Соқпақбаев» бейнекөрсетілімі және осы бөлімдегі ойындар мен тест тапсырмалары. <a href="https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev">https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev</a>
<b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b>	Интерактивті оқыту әдісі, тест «АКТ», «ОМОЖТ, Микрофон, Топтастыру, ЖАДА әдісі «Не білемін? Не білдім?» әдісі.
<b>Сабақтың түрі:</b>	Жаңа тақырыпты менгерту сабағы.
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– оқушылар өлеңнің мазмұнын түсінеді;</li> <li>– сабаққа қызығушылықтары артады;</li> <li>– тапсырмаларды белсенді орындайды;</li> <li>– топтық жұмысқа дағыланады.</li> </ul>

### Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
<b>Ұйыншылдаудағы ақындардың атын және олардың мәдениетін зерттеуде анықтауда</b>	Оқушылар сапқа тұрып, топқа бөлінеді. Топтың атаулары қыс айлары: «Желтоқсан», «Қантар», «Ақпан».	Оқушылар топқа бөлініп, топ басшысын тағайындауды.
<b>Үй тапсырмасын тексеру</b>	<a href="https://bilimland.kz/kk#lesson=18914">https://bilimland.kz/kk#lesson=18914</a>	Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы, өткен сабақты естеріне түсіреді. – Олимпиада сөзінің мағынасы? – Ең алғашқы олимпиада қай елде өтті? – Олимиада белгісі нені білдіреді? – Содан бері міне, неше дүркін олимпиада болды. – Ал біздің Бекзат қай олимпиада женімпазы?
<b>Көпір тапсырмасы</b>		Оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы, өткен сабақты естеріне түсіреді. – «Олимп» тауы дегенді білдіреді. – 1896 жылы Греция астанасы Афина қаласында өтті. – Бес құрлықты білдіреді. – Жазғы олимпиада ойындары 32 рет өтті. 2000 жылғы Сидней олимпиадасының чемпионы.

	<p>– Бүгінгі олимпиада туралы не білеміз?</p> <p>«<b>Не білемін?</b>» әдісі бойынша олимпиада чемпиондары туралы стикерге жазып, А3 форматына жапсыруларын сұраймын.</p>	<p>Оқушылар стикерлерге Бекзат, Ермахан Үбрайымов, Илья Ильин тағы басқа олимпиада чемпиондары туралы білетіндерін жазады.</p>
<b>Жаңа тақырыпты ашу және меңгерту</b>	<p>Ой қозғау:</p> <p><b>Жұмбақтар</b></p> <p>Табаныма байладым, Қос аяқпен айдадым.</p> <p>Зулап түсіп төменге, Шықпас менсіз төбеге.</p> <p>Табанға қақтым, Жалпаң қақтым, Зырлап бақтым.</p> <p>– Бұл жұмбақтарды білесіндер ме? – Бір жерден оқыдындар ма? – Демек, өздерің айтқандай, жаңа тақырып қандай екен? – Дұрыс, авторы кім? – Ескен Елубай туралы не білесіндер?</p> <p><a href="http://kitap.kz/index.php/catalog/author/755-esken_elubaev">http://kitap.kz/index.php/catalog/author/755-esken_elubaev</a></p> <p>Ескен Елубаев 1960–1990 жылдардағы әдебиет 1942 жылы 18 ақпанда Жамбыл облысы, Қордай ауданындағы Отар стансасында туған. 1958 жылы Отар стансасындағы №29 теміржол орта мектебін бітірген. 1966 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін аяқтаған. 1966 жылдан бастап «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде, «Жалын», «Өнер», «Балауса» баспаларында, «Балдырған» журналында бас редактордың орынбасары болып қызмет істеген. Ең алғашқы өлеңі 1958 жылы республикалық «Ара» журналында жарияланды. Негізінде балалар жазушысы. Оның «Болатбек» пьесасы республикалық қырышаш театрында қойылған. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының</p>	<p>Оқулықпен жұмыс жүргізеді; Топтық жұмысқа қатысады, тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Оқушылар берілген жұмбақтың шешуін таба отырып, бүгінгі сабактың тақырыбын анықтайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>– Ия, – Оқулықтың 19-бетінде бар, апай! – Шынықсын денеміз</p> <p>– Ескен Елубай</p> <p>Ескен Елубай туралы кластер қорғау</p>

	<p>лауреаты (1994). Ұлттық «Астана – Бәйтерек» конкурсының екі дүркін бірінші жүлдегері (2007–2008), Халықаралық «Дарабоз» бәйгесінің екінші жүлдегері (2008). «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған, Мемлекеттік грант иегері. Қазір – зейнеткер. Қырықтан астам кітаптары қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген. «Балабек», «Асар» пьесалары республиканың көптеген театрларында қойылып келеді. «Саған құшік керек пе?» кинофильмі автордың пьесасы бойынша түсірілген. Шығармалары қазақ және орыс мектептеріне арналған оқулықтарға енген. Шығармалары: Көк жейде. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1967; Көкпар. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1970; Баламысың деген. Өлеңдер. А., «Жалын», 1981; Өжет. Пьесалар, тақпақтар. А., «Өнер», 1984; Кто сильнее? Стихи. А., «Жалын», 1984</p> <p><b>«Бердібек Соқпақбаев» туралы бейнекөрсетілімін көрсету</b>  <a href="https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev">https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev</a></p> <p>Алдарында хат келіп тұр.      Тапсырмаларды орындаңық!</p> <p><b>1-тапсырма</b>  <b>Бос орынды толтыр.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Б. Соқпақбаев 1924 жылды... облысы қазіргі Нарыңқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келген.</li> <li>2. Ол қазіргі... атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірген.</li> <li>3. Оның шығармаларының ішіндегі ең әйгілісі – ...повесі.</li> <li>4. «Мениң атым Қожа» повесі... жылды жазылған.</li> <li>5. Б. Соқпақбаев шығармаларында</li> </ol>	
--	---	--

	<p>адамды жаман немесе жақсы деп біліп, бір қырынан ғана ... .</p> <p>Керекті сөздер:</p> <p>«Менің атым Қожа», «Шал мен бала», Алматы, 1957 ж.</p> <p><a href="https://imekter.kz/kz/berdibek-sokrakbaev">https://imekter.kz/kz/berdibek-sokrakbaev</a> «Бос орынды толтыр» ойынын пайдаланамын</p> <p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Б. Соқпақбаевтың «Шынықсын денеміз»</p> <p>Қыста қызық жұмыс бар</p> <p>Бүркіт Үсқақов</p> <p>«Қазақстанның ақын-жазушылары» топтамасының портретін үлестіру</p> <p>4 және 6-тапсырма бойынша «Венн диаграммасын» құру</p>  <ul style="list-style-type: none"> <li>– Екі өлеңнің ұқсастығы неде?</li> <li>– Айырмашылығын табайық ЖАДА бойынша бағыт беремін</li> </ul>	<p><b>көрсетпейді</b></p> <p>Керекті сөздерін бос орынға бағыт сызығы арқылы белгілейді.</p> <p>Хормен мәнерлеп оқиды және қымыл қозғалысын жасап, демонстрациялайды</p> <p>Оқушылар топтық жұмыс жасайды.</p> <p>Кластер қорғайды</p> <p>Оқушылар екі өлеңді салыстырады.</p> <p>Айырмашылығын табады</p> <p>Ұқсастығын табады</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Екеуде қыс мезгіліне арналған</li> <li>– Қысқы ойындар</li> </ul>
<b>Бекіту</b>	<p>«Дұрыс/бұрыс» ойыны арқылы автор жайлы мағлұматтарын тексеру.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Б. Соқпақбаев 1924 жылды Алтай өлкесінде дүниеге келген.</li> <li>2. Қазіргі «әл-Фараби» атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген.</li> <li>3. Б. Соқпақбаевтың «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы бар.</li> <li>4. Б. Соқпақбаев өз шығармаларында монологты сәтті қолданады.</li> </ol>	<p>Оқушылар «Дұрыс» немесе «Бұрыс» сөздерінің тиістісін хаттағы тапсырмаларға жазады.</p> <p>«Дұрыс»</p> <p>«Бұрыс»</p>

	<p>5. Монолог – әдеби шығармаларда кейіпкерлердің өзіне-өзі қарата айтқан сөзі немесе ішкі сырын білдіретін ойы.</p> <p><a href="https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev">https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev</a> «Дұрыс»«Бұрыс» ойынын пайдаланамын</p>	
Қорытынды	<p>«Не білдім? » әдісі бойынша «Микрофон» әдісі арқылы талдау.</p> <p>1. Б.Соқпақбаев оқыған жоғары оқу орны</p> <p>А) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ә) Абай атындағы ҚазҰПУ Б) Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰПУ В) Е.Букетов атындағы ҚарМУ</p> <p>2. Б.Соқпақбаев шығармаларына тән ерекшелік</p> <p>А) тек жағымды кейіпкерлерден тұрады Ә) ылғи жағымсыз кейіпкерлерден тұрады Б) оның кейіпкерлерінің жағымды да, жағымсыз да қасиеттері бар</p> <p>3. Монолог дегеніміз – ...</p> <p>А) екі адамның сөйлесуі Ә) кейіпкердің өзіне-өзі қарата айтқан сөзі Б) бірнеше адамның сөйлесуі В) халық атынан айтылған сөз</p> <p>4. Б.Соқпақбаевтың шығармасы</p> <p>А) «Өлгендер қайтып келмейді» Ә) «Үшқан ұя» Б) «Ақан сері» В) «Алтын іздеген адам»</p> <p>5. Фильм кімнің шығармашылығы туралы?</p> <p>А) М. Әуезовтің Ә) Б. Соқпақбаевтың Б) М. Мақатаевтың В) Қ. Мырза-Әлидің</p> <p>6. Б. Соқпақбаевтың шығармасы</p> <p>А) «Аққала – Ақбала» Ә) «Мениң атым – Қожа»</p>	Оқушылар өз ойларын айтады

	<p>Б) «Күзгі таң» В) «Шуағым менің»</p> <p>7. Фильмде Dana не үшін өзін-өзі жазалағысы келді?</p> <p>А) досын ренжіткен еді Ә) өтірік айтқан еді Б) сабақта кешіккен еді В) «4» деген баға алған еді</p> <p>8. Б. Соқпақбаев туған ауылдың аты?</p> <p>А) Қарасаз Ә) Қостөбе Б) Көлбастау В) Қаратөбе</p> <p>9. Б. Соқпақбаевтың туған жылы?</p> <p>А) 1928 Ә) 1934 Б) 1924 В) 1926</p> <p><a href="https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev">https://imekter.kz/kz/berdibek-sokpakbaev</a> реусурсынан «Тест» тапсырмасын пайдаланамын</p>	
<b>Бағалау</b>	Бағалау критерийлері бойынша өзін-өзі бағалау	Оқушылар өздеріне баға қояды.
<b>Кері байланыс</b>	Бұгінгі сабакта алған білімінің түсініктілігіне байланысты бағдаршам түсіне сәйкес пікірін жазады.	Сабак бойы алған білімі туралы ойдана отырып, бағдаршамның қай түсіне сай екенін жазады.
<b>Үй тапсырмасы</b>	Екі өлеңнің өзіне ұнаған біреуін жаттап ал. 21-бет 7-тапсырма	Күнделіктеріне түртіп алады.